



ЖЕР МӘСЕЛЕСІ  
ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТЕ  
ҚАРАЛАДЫ

2-бет



«АК ЖОЛ» ТРЕБУЕТ  
РАССЛЕДОВАТЬ  
ОЧЕРЕДНУЮ АФЕРУ  
С ДЕНЬГАМИ ЕНПФ!

4-бет



АРЫС: БУДТО ЧТО-ТО  
СВЫШЕ СПАСАЛО И  
УБЕРЕГАЛО ЛЮДЕЙ

11-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№30 (848), 29 шілде, 2019



## НАРҚАСҚА ЖІГІТ ЕДІ

*Бард-эниші  
Табылды Досымов  
туралы сыр*

Ақтаудан курстасым Майра Ғұмарова телефон шалып: «Сәке, бір жақсы, бір жаман хабарым бар, қайсысынан бастайын» деген соң, «жаманын айта бер» деп жауап бердім. «Табылдан айырылып қалдық, ертең, 18 қазан күні, жерлейді. Жан-жаққа хабар берілді.

8-9  
бет

# ТИІМСІЗ ЖОБАЛАРДЫ ТЫҚПАЛАҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛСЫН

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана өткен Үкіметтің жалпы отырысында Елордада салынып жатқан құны 2 миллиард доллар тұратын LRT (жеңіл рельсті көлік жолы) құрылысы дұрыс жоспарланбағанын айтып, оны ұсынғандарды қатаң сынға алды. «Халық үшін ыңғайлы әрі үнемді көлік жүйесін салудың орнына аса қымбат жоба ұсынылған. Білімше, сәулетшілер мен мамандардың пікірі ескерілмеген. Әкімдіктің мәліметіне сәйкес, жеңіл рельсті көлік жүйесімен бір тәулікте жүретін жолаушылардың саны – 146 000 адам болу керек-ті. Бұл – болжам ғана. Алайда, іс жүзінде қазір дәл осы бағытпен, яғни, әуежайдан жаңа теміржол вокзалына дейін тек 2 000 адам ғана жол жүреді. Мен сіздердің жолаушылар санын 70 есеге қалайша арттыратындарыңызды түсінбей отырмын», – деді Тоқаев жоғары атқарушы билік өкілдеріне.



3  
бет



## ИСЛАМ ӘБІШЕВ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ АДАЛ АТҚАРҒАНЫНА СЕНЕМІЗ

Ислам Әлмаханұлымен Шығыс өңіріне қызмет бабымен 2009 жылы Өскемен қаласына әкім болып келген кезден бастап таныс болдық. Үш жыл әкім болған Ислам мырза талай шаруаның басын қайырып, көптеген ауқымды істер атқарғанын қалалықтар жақсы біледі...

5  
бет

## Қ.ТОҚАЕВ О СТОЛИЧНОМ LRT: «НЕТ ПЕСНИ ПЕЧАЛЬНЕЕ НА СВЕТЕ»

Этим летом разразился очередной скандал в Нур-Султане. Президент Касым-Жомарт Тоқаев раскритиковал инициаторов проекта столичного LRT. Он уже пообещал наказать виновных в этом дорогом проекте, назвав строительство линии легкорельсового транспорта нецелесообразным. Эксперты говорят, что такие аналогичные проекты стоят 3-4 раза дешевле...



10  
бет



## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҰЛЫ МҰРАТЫН ҚАШАН СЕЗІНЕМІЗ?

Үшінші мың жылдықта, мәдениеттер бәсекелестігіне төтеп бере алатын ұлттар ғана елдігін сақтап қалады немесе Батыс, Еуропа жаңа мыңжылдықта Еуразияны төрге шақыруға мәжбүр!

6  
бет

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚОРЫҚШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК Орталық өңірлік филиалының инспекторлары Қаныш Нұртазиновты (марқұм) қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін I дәрежелі «Айбын» орденімен және Самат Оспановты II дәрежелі «Айбын» орденімен марапаттады.



қорықшының артында бес бала-сы қалды.

Еске сала кетсек, жыл басында Қарағанды облысы Нұра ауданының аумағында киік атқан браконьерлер екі инспекторды жаралаған еді. Ауыр жарақат алған Ерлан Нұрғалиев 15-қаңтарда Астананың №1 ауруханасында көз жұмды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы оқиғаға бай-

ланысты Қаныш Нұртазиновтың туған-туыстарына көңіл айтып, қаскөйлер ұсталып, сотқа тартылатынын жеткізген-ді. Қазір әкелі-балалы күдіктілер ұсталып, қамауға алынды. Соңғы кезде қылмыстың осы түрі жиі орын ала бастағандықтан киіктерді атқаны үшін жазаны күшейту қажеттігін мәлімдеді деді Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter-дегі парақшасында.

## ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ШАБУЫЛ ЖАСАҒАН КІМДЕР?

Шілденің 22-сі күні 20 шақты әйел Алматыдағы адам құқығын қорғау бюросында жоспарланған баспасөз жиыны алдында журналистерге шабуыл жасады. Олардың арасында «Азаттық» тілшісі Нұргүл Тапаева мен оператор Токмолда Құсайынов бар. Ғимараттың төртінші қабатына көтеріліп бара жатқан журналистерге бірнеше әйел тарпа бас салып, камераларын сындырды. Белгісіз әйелдер ҚазТАГ ақпарат агенттігі мен «Алматы» телеарнасы тілшілеріне де шабуылдаған.

Адам құқығын қорғау бюросында «Мемлекет аналар және балалармен күресіп отыр» деген тақырыпта баспасөз мәслихаты өтуі тиіс еді. Жиынды ұйымдастырушылар көп балалы ана Оксана Шевчук пен жалғызбасты аналар

Гүлзипа Жәукерова мен Жазира Демеуованың үстінен қозғалған істің мән-жайын айтпақшы болған. Алматы қаласы полиция департаменті «Азаттық» және басқа басылымдардың тілшілеріне шабуыл оқиғасына қатысты Қылмыстық кодекстің «Өз бетінше билік ету» бабы (389-бап) бойынша сотқа дейінгі тергеу басталғанын хабарлады. Тергеуді Әуезов аудандық полиция басқармасы жүргізеді. Қазақстан ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Алматыда баспасөз мәслихатының алдында болған оқиғаны «екі тараптың жанжалы» деп, олардың кім екенін ашып айтпады.

«Азаттық» тілшілерінің кәсіби қызметіне кедергі келтіру оқиғалары бұған дейін де бірнеше рет болған. Биыл наурыздың 22-і күні елордада билікке қарсы наразылық шарасынан хабар

таратпақ болған «Азаттық» журналистеріне бір топ жас кедергі келтіріп, камераны қағазбен көлегейлеген. Мамырдың 1-і мен 9-ы, маусымның 9-ы күндері билікке және Қазақстанда кезектен тыс өткен президент сайлауына қарсы наразылық кезінде полиция адамдарды жаппай ұстаған сәттен хабар таратпақ болған «Азаттық» тілшілеріне маска киіп, қолшатыр ұстаған белгісіз біреулер тағы да кедергі келтірген. Сол маңда жүрген полиция өкілдері журналистерге кедергіні көре тұра ешқандай шара қолданбаған. «Азаттық» бұл оқиғаларға қатысты бас прокуратураға шағым түсірген. Әзірге бұл шағымға жауап келген жоқ. Ең бастысы, осы шабуылдарды ұйымдастырған кімдер деген сұрақтың басы ашық қалып отыр. Әлде бұл сөз бостандығына жасалған шабуыл ма?..

## ДӘРІГЕР ТАҒАЙЫНДАҒАН ДӘРІЛЕР ТЕГІН БЕРІЛЕДІ

Медициналық сақтандыру жүйесінен жиналған қаражат рецептуралық дәрілерді тегін алуға мүмкіндік береді. ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов БАҚ өкілдерімен өткен брифингте осылай деп мәлім етті.

«Рецептуралық дәрі-дәрмек нарығы 300 млрд. теңгеге жуықтайды. Бүгінге дейін біз соның үштен бірін ғана мемлекет есебінен жауып келдік. Балалар, онкологтар, туберкулез, психиатрия ауруларын ғана мемлекет өз мойнына алған болатын. Келесі жылы медициналық сақтандыру жүйесі толық енгізіледі. Сақтандырудан жинақталған ақшаның есебінен екі жылдың ішінде барлық емделушілерді рецептуралық дәрімен қамтамасыз ете аламыз. Бұл дәрігер рецептке жазған кез келген дәрі медициналық сақтандыру есебінен тегін беріледі деген сөз», — деді министр.

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАСЫНЫҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс берушінің есебінен қызметкердің пайдасына 5 пайыз мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары енгізіледі. Жұмыс берушінің зейнетақы жарналарын енгізудегі мақсаты — қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру, жұмысшылардың еңбек өтіліне сәйкес келетін лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету.

Осылайша, қызметкердің жеке зейнетақы шотына ай сайын жалақының 15 пайызы аударылып отырады: 10 пайызы — қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары, 5 пайызы — жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен зейнетақы жарналары», — деп түсіндірді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Бұл жана-шылдық барлық жұмыс істейтін азаматтарға, оның ішінде жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдарға қолданылады. ЖМЗЖ азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімшарттар негізінде жұмыс және қызмет көрсететін адамдарға; зейнеткерлік жастағы жеке тұлғаларға;



әскери қызметшілер мен күштік құрылымдардың қызметкерлеріне; еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушыларға; өмір бойы ай сайынғы төлеммен қамтылатын отставкадағы судьяларға қолданылмайды. Жұмыс берушілерден келіп түскен зейнетақы жарналары жеке тұлғалардың меншігі болып саналмайды және мұраға қалдырылмайды. Бұл қаражат БЖЗҚ активінде болады және зейнеткерлер арасында қайта бөлінеді.

## ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТЕ ҚАРАЛАДЫ

Ауыл шаруашылығы жерлерін сату және жалға беру мораторий мәселесі жақында құрылған Ұлттық кеңесте талқыланады. Бұл туралы Үкімет отырысында вице-премьер Жәніс Қасымбек мәлімдеді.



«Ауыл шаруашылығы министрлігінің алаңында заң жобасының тұжырымдамасы таныстырылды. Сондай-ақ, ауылдарға жер учаскелерін сату мен жалға беру мораторий мәселесі бойынша өңірлерге кесте бекітілді. 2019 жылдың соңына қарай, ҚР Президентінің жанынан құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесіне ұсынылады», — деді Жәніс Қасымбек.

«Жер туралы кодекске» енгізілген атышулы өзгерістерге 5 жылға мораторий жарияланғаны белгілі. «2021 жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты мораторий аяқталады. Нақтылап айтсақ, ауыл шаруашылығы жерлерін сату және жалға беруге салынған тыйым туралы сөз болып отыр. Біз бұл мәселеге қатысты соңғы шешім қабылдауымыз қажет. Шетелдіктерге келер болсақ, оларға жер сатылмайды», — деді Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында.

Біріншіден, Ұлттық кеңесті баяғыда құру керек болатын, сонда жұрт көшеге шығып шуламас еді. Ең бастысы — Ұлттық кеңестің бірде-бір ұсынысы жерде қалмауы керек. Өйткені ол — халықтың талабы. Бұл халықтық жоғары кеңес өз қалауынша үкім шығарып, жеке-дара басқаруға дағдыланған біздің биліктің тізгінін тартып отыруға міндетті. Екіншіден, жаңадан құрылған Ұлттық қоғамдық кеңеске «сенім» деген сөзді сынаша қағудың қажеті қанша еді? Әлде бізде бұдан басқа «сенімсіз қоғамдық кеңестер» бар ма? Үшіншіден, қасиетті жерімізді сатуды заңдастырып берген кодексті түгелдей қайта қарау қажет. Құдайдың жаратқан, ата-бабаларымыз аманат етіп кеткен қасиетті жерді сатуға, жекешелендіруге ешкімнің құқығы жоқ. Ол халықтың, қазақ мемлекетінің қарамағындағы баға жетпес байлық, ұрпақтан ұрпаққа қалатын — ұлы мұра.

## ЖАРТЫ ЖЫЛ ЖАЛАҚЫ КӨРМЕГЕН ЖҰМЫСШЫЛАР

Қарағанды облысында «25-көпір құрылысы отряды» серіктестігінің 150-ге жуық жұмысшы жарты жылдан бері жалақысын ала алмай енді жұмысқа шықпауға бел байлап отыр.

Айлықты кешіктіруді әдетке айналдырған құрылыс компаниясы болса, сол баяғы «құрғақ» уәдемен жұмысшыларды «жарылқап» келеді. «Несие төлеуге, күнделікті тамаққа ақша керек. Бала-шағамыз ертең сабаққа барады, оларға киім-кешек қажет. Несиелік қарыз үшін сотқа береміз деп жатыр» — дейді жұмысшылар.

Жұмысшылардың айтуынша, алматылық «№25 көпір құрылысы отряды» серіктестігі жылдар бойы жұмысшылар құқығын таптап келген. Жалақыны ұдайы кешіктіретінін былай қойғанда, көп мөлшерде жарналар ұстай тұра, зейнетақы қорына тиісті соманы да аудармапты. Ал компания директоры Тимур Накусов қыста жалақының жартылай төленгенін айтады.

«Біздің жұмысшылар вахта-



мен жұмыс істейді. Қыста жалақыны жартылай төледік. Бүгінде кәсіпорынның қыс айларындағы қарызы — 5 миллион теңге. Ол жетекшілердің салғырттығынан болды, кей жұмысшыларды тізімге қоспай қойған. Сондықтан, учаске бастықтарымен құрылыс топтарының жетекшілерін ауыстырдым, — дейді ЖШС директоры.

Ал, басшылардың құрғақ уәдесінен жалыққан жұмысшылар енді жоғары орындарға арызданып, бала-шағасын асырайтын айлықтарын талап етпекші.

## ҚАРУ САТУМЕН АЙНАЛЫСҚАН ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР ҰСТАЛДЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында атыс қаруын заңсыз сатумен айналысқан қылмыстық топтардың жолын кесті.

Ведомствоның баспасөз қызметінің хабарлауынша жасырын тергеу барысында 8 «Калашников» автоматы және 2 тапаншаны сату фактілері анықталды. Аталған қару заңда белгіленген тәртіппен тәркіленді. «18 және 19 шілдеде Алматы

және Шымкент қалаларында топ мүшелерін ұстау бойынша арнайы операция өткізілді. Олардың кейбірі деструктивті діни ағымдарды ұстанушы және «ұрылар қауымдастығы» аталмыш өкілдерімен тұрақты байланысы бар адамдар» делінген хабарламада. Тінту кезінде фигуранттардың бірінің тұрғылықты мекен-жайы бойынша қолмен құрастыруға және қаруды қайта жасауға арналған станок пен құрал-саймандар табылды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана өткен Үкіметтің жалпы отырысында Елордада салынып жатқан құны 2 миллиард доллар тұратын LRT (жеңіл рельсті көлік жолы) құрылысы дұрыс жоспарланбағанын айтып, оны ұсынғандарды қатаң сынға алды.

«Халық үшін ыңғайлы әрі үнемді көлік жүйесін салудың орнына аса қымбат жоба ұсынылған. Білуімше, сәулетшілер мен мамандардың пікірі ескерілмеген. Әкімдіктің мәліметіне сәйкес, жеңіл рельсті көлік жүйесімен бір тәулікте жүретін жолаушылардың саны 146 000 адам болу керек-ті. Бұл – болжам ғана. Алайда, іс жүзінде қазір дәл осы бағытпен, яғни әуежайдан жаңа теміржол вокзалына дейін тек 2 000 адам ғана жол жүреді. Мен сіздердің жолаушылар санын 70 есеге қалайша арттыратындарыңызды түсінбей отырмын», – деді Тоқаев жоғары атқарушы билік өкілдеріне.

Президент айтпаса да, жоба тиімсіз болса, оған пайдалану барысында тұрақты түрде субсидия бөлуге тура келеді. Өйткені, бұл өзін-өзі ақтамайтын, тіпті пайдасынан зияны басым нысан. Ол үшін тағы жыл сайын онсыз да жетіспей жатқан бюджеттің қыруар қаржысы жұмсалады. Яғни, тап қазір қажеті шамалы, өзін-өзі ақтамайтын жобаларға босқа ақша шығындау ғана бұл. «Енді осы уақытқа дейін кеткен шығын мен халықаралық міндеттерді ескере отырып, бұл жобаны тоқтатуға болмайды. Алайда, салдарын түсіну керек. Үкімет пен Елорда әкімдігіне аталған мәселеге нүкте қоюды тапсырамын. Нақты ұсыныстар берілсін. Ал жобаны ұсынған жауапты тұлғалар бақылаушы органдардың сұрақтарына жауап беруі керек. Сосын Парламент депутаттары да өз пікірін айтуы қажет. Жобаны қалай іске асырды?», – деді Тоқаев. «Қазіргі уақытта ішкі нарықта 1,5 млрд. доллар сомаға LRT Астана облигацияларын шығару бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде 344 млн. доллар бұдан бұрын алынған қарызды жабуға жұмсалады, ал қалған 1,2 млрд. доллар LRT құрылысына бағытталады. Қала әкімдігінің мәліметінше, құрылыс жұмыстары 2020 жылдың 1 қыркүйегіне қарай аяқталады», – деді осыған орай Үкімет басшысының бірінші орынбасары Әлихан Смайылов. Ол облигацияларды кім сатып алады? Тағы да отандық кәсіпкерлерді міндеттеп, онсыз да қиналып жатқан қарапайым халықтың мойнына салмақ салу емес пе бұл?

Басталмай жатпау дауға қалған бұл құрылыс Елорда әкімдігінің бас ауруына айналғаны анық. Енді міне көлік құрылысын аяғына дейін жеткізетін қаржы іздеп әуре болып жатыр. Ал құрылыстың бастапқы бөлігіне жұмсалған 313 миллион долларын мемлекет Қытай банкіне үстіне 31 миллион доллар қосып қайтарып беруге міндетті. Тоқаевтың «халықаралық міндеттер» деп отырғаны дәп осы. Біз неге қарызға кіруге әуеспіз, көрпемізге қарай көсілуді қашан үйренеміз? Бірқатар сарапшылар инвестор тапсақ та қарызға одан әрмен батамыз дейді. Дұрыс айтпайды.

Құрылысы тоқтап қалған бұл көлік жобасы қала әкімдігін тығырыққа мықтап тіреді. Өйткені, Қытай банкімен арадағы келісім

үзілген, біздің берекесіз, біліксіз басшыларға енді олар да күдікпен қарайтын болды. Жабылып қалған «Астана банкіне» салынған осы құрылыстың 100 миллиард теңгесін қайтарып алу да қиын болып тұр. Бұны еліміздің бас банкирі Ерболат Досаев пен жаңадан келген қала басшысы Алтай Көлгінов те мойындап отыр. Ұзындығы 22 шақырымнан тұратын атышулы жобаның тиімсіздігін өз кезінде ешкім тексермеген, біреулер өз пайдасы үшін тықпалап жібергені көрініп тұр.

# ТИІМСІЗ ЖОБАЛАРДЫ ТЫҚПАЛАҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛСЫН

Бұл мәселе қоғам мүшелерін де алаңдата бастады. «Әрі қарай инвестиция құйсақ одан үлкен қарызға батып кетеміз. Инвестордың ақшасын қайтару керек. Одан басқа үстемесін төлеу қажет», – дейді қоғам қайраткері Мұхтар Тайжан. Оның ойынша, бұл мәселені шешудің ең оңай жолы – жобаға кеткен шығынды есептеп, оны кезінде осы шешімді қабылдаған шенеуніктердің мойындарына іліп қою керек. Өйткені, о баста жобаға Қытай банкі қаржы бөле бастағанда құрылыс компаниялары 313 миллион долларды жаратып үлгерген. Қаржыны қалай жаратқанын да тексеріп жатқан ешкім жоқ. Енді оны мемлекет 344 миллион қылып қайтаруы тиіс. Бұл нысан құрылысын аяқтау үшін кем дегенде тағы да 1,5 миллиард доллар керек. Соған қарағанда, Мұхтар Тайжанның ұсынысы әлдеқайда ұтымды секілді. Сонда алдағы уақытта осындай жобаны ұсынатындарға ұмытылмас сабақ болады.

Бұл құрылысты елімізде өткен «ЭКСПО-2017» дүниежүзілік көрмесіне дайындық деген сылтаумен ұсынған пысықайлар не ойлады екен? Дарақылық пен даңғойлыққа негізделген көрме елімізге пайда әкелген жоқ, болжанған шетелден арнайы қатысуға тиісті туристердің тым болмаса жартысы да келмеді. Амалдың жоғынан өзіміздің мемлекеттік қызметтегі адамдарды қыстап қатыстыруға тура келді. Олар өздерінің бала-шағасының аузынан жырып, ЭКСПО-ға сонау алыс аймақтардан шығынданып келіп қатысуға мәжбүр болды. Сонда не ұттық? Мұндай халық мүддесіне қайшы, түкке тұрғысыз арзан бедел кімге керек еді? Терең ойлай алмайтын, қабілет дегеннен жүрдай ел басшылары өзгелерге «мықты» екендіктерін көрсетіп, босқа дарақыланды. Шетелден туристер түгелдей келген күннің өзінде қысқа мерзімде өте шығатын шара үшін осыншама бейберекет шығындануға бола ма?

Қ-Ж. Тоқаев айтқандай, осы іспеттес адам баласы «түсінбейтін жобалар» бізде жетіп артылады. Қарағандыдағы бір кезде үлкен шу тудырған жеңіл ұшақ жасау және Ақтаудағы планшет зауыттары сияқты жүздеген кәсіпорындар тұсауы думандатып кесілгенмен аяқтанып кеткен жоқ, мешел күйінде отырып қалды. Болашағы жоқ кәсіпорындарды салуға біз

неге қыруар қаржы жұмсаймыз? Осының бәрін алдынала есептеп, болжауға, жоспарлауға міндетті біздегі экономика, техника, қаржы саласындағы мамандардың есі ауысып, түгелдей топас күйге душар болғаны ма? Қарап отырсақ бізде ғалымдарды былай қойғанда, министрлер мен әкімдердің тең жартысы ғылым кандидаттары мен докторлары болып келеді. Тіпті, лауазымдылар арасында ғылыми атаққа ие болу сәнге айналған. Ақайда олардың сондағы ғылыми жетістіктері мен біліктіліктері?

Көкжайлау шаңғы курорты құрылысына 450 млн. доллар жұмсап, 160 миллион долларға бәссаудаға шығарамыз деген түпкілікті жоспарларын жасырған жоқ. Сонда не ұтпақшы болды екен? Дәп қасындағы осыған ұқсас «Шымбұлақ» атты шаңғы кешені демалушыларға толық қызмет көрсете алады. Бұл үй ішінен үй тігу деген сөз. Одан қалды қымбатқа салып, арзанға сату бизнестің қай түріне жатады? Бәссауданың бұл бастапқы бағасы болса да оны кім көтеріп сатып

түрі жақсы дамыған Жапонияда – екі трамплин, Ресейде небары бір трамплин ғана бар көрінеді. Сонда 900 адам үшін осыншама қымбат нысан салатындай бізде артық қаржы болғаны ма?

Жүздеп, мыңдап саналатын тиімсіз жобалар тізімін одан әрі тізіп әуре болмай-ақ қоялық, оны өздеріңіз де білесіздер. Кезінде ашылмай жатып есігіне құлып салынған зауыттардың тұсауын кескен Елбасының өзі ондай «салтанатты рәсімге» бұдан былай қатыспайтынын да айтқан болатын. Бұл нені аңғартады? Біріншіден, бұл біздің елде жемқорлықтың жүгенсіз кеткенін көрсетеді. Әсіресе, құрылыс саласы бұл көрсеткіш бойынша алдыңғы орында тұр. Қаржы мол жұмсалатын жобаларды тықпалайтындар алдымен өз пайдаларын ойлайтыны белгілі, оның каншалықты тиімді екеніне бас қатырмайды. Екіншіден, оны бекітетін, іске асыруын бақылайтын орындар мүлдем жұмыс істемейді. «Білуімше, сәулетшілер мен мамандардың пікірі ескерілмеген», – деп Тоқаев айтқандай емес, сол сәулетші және басқа да мамандардың өзі былыққа белшесінен батқан. Біздегі лауазымдылар қымбат жобаны қолдан жасап, туған-туыстары немесе таныстарының атына рәсімделген өз фирмаларына береді. Қаржыны қымқырудың оңай жолын тауып алған. Жобаны қолдаған үкіметтегілер де жең ұшынан жалғасып жатыр. Бір ғажабы осы жобаға қаржы бөлуді бекітіп берген халық қалаулылары қайда қарап отырды? Әрине, олар да босқа отырған жоқ. Бұрын әкімдіктен депутаттыққа келгендердің де өз фирмалары бар. Оларға да мол пайда табу керек. Сонда халық қаржысын кім қорғайды?

Біздің оқырмандарымыздың пікірінше осы тектес қылмыстарды тексеруге міндетті құзырлы орындар дұрыс жұмыс істемейді. Тексеруге бара қалса да өз үлестерін алып, жабулы қазан жабулы күйінде қалады. Тек анда-санда жоғарыға есеп беру үшін бір-екі қылмысты ашып, жұмыс істеп жатқан сыңай танытады. Сондықтан да біздегі жемқорлық жүгенсіз кеткен, жең ұшынан жалғасып, төменнен жоғарыға дейін жайлап алған. Ал халық қаржысын ұқыпты пайдаланып, тиімді жұмыс істегендерді түртпектеп түрмеден бір-ақ шығарады.

Мысалы, Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев сондай құйтырқының құрбаны болып отыр. Осының алдындағы жылдарда оны қызметінен алып тастағанда Елбасының алдына барып, миллиардтаған қаржы үнемдеген тиімді жобасын дәлелдеп берген білікті маманды Назарбаевтың өзі қызметіне қайта отырғызғанын білесіздер. Бүгінгі күні Ислам Әбішевті қолдаған көпшілік мыңдаған көл жинап мемлекет басшысына арызданып жатыр.

Әдетте, салыстырмалы түрде алғанда шамалы қаржы жымқырып мемлекетке зиян келтірген қатардағы адамдар бірнеше жылға сотталып, миллиондап жеген жоғары лауазымдылар айппұлмен құтылып жатады. Бұл жерде де шенеуніктердің жауапсыздығынан миллиардтаған шығын шығып отыр. Осыны және осыған ұқсас тиімсіз жобаларды тықпалағандарға қашан қылмыстық іс қозғалып, заң бойынша жауапқа тартылады? Әлде әдеттегідей ескерту жасап, басынан сипап қоя саламыз ба?..



Қалай ғана олар ғылым докторлары болып жүр? Осындайда көрсетпей ме білікті екендерін? Көрсете алмайды, басында білімі болмаса, ақша төлеп сатып алған қалтадағы ғылыми атағын куәландыратын қағазынан не пайда? Біздіңше, сол «ғылым докторларына» қарағанда қарапайым халықтың біліктілігі әлдеқайда жоғары. Сөзіміз нақты болу үшін бір-екі мысал келтірейік.

Табиғаты тамылжыған Алатау баурайындағы Көкжайлау алқабында әлемдік деңгейдегі шаңғы курортын саламыз деп даурыққан Алматы әкімдігінің әумесерлігі естеріңізде болар. Қарасаң көз тоймайтын Көкжайлауды көкпардай жұмаламақшы болған зиянды жоба көпшіліктің талабымен, у-шүмен өзек тоқтатылды. Туған табиғатқа жаны ашитын қала тұрғындарының, қоғамдық ұйымдардың қарсылығы арқасында Көкжайлау аман қалды. Олардың мандайымызға біткен табиғат сыйын сол алғашқы күйінде сақтап қалуды көздеген талабы өте орында. Тау шаңғысы курортын салуға көрші қырғыз экологтары да наразылықтарын білдірді. «Жа-сыл құтқару» қоғамы мүшелері бұл жоба Алатаудың күнгей бетіне де өз әсерін тигізетінін ашық айтты. Тау шыңындағы мұздақтар еріксіз еріп, аймақтағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы мүмкін еді. Оған қоса, таудағы жабайы аңдар ауып кетуі немесе жаппай қырылуы да ғажап емес.

Жобаны жанталаса ұсынғандар

алмақшы? Ол аздай жақында алып Алматының ортасындағы жасыл желегі сақталған Атакент көрмесі аумағында «Конгресс-Холл» саламыз деген хабар тарады. Ол үшін 9 мың түп ағаш кесілмекші екен. Театр мен бизнес орталықтары толып жатқан Алматыда жиналыс өткізетін орын табылмай қалғаны ма? Бұл да қымбат жобаны тықпалап, біреулердің ақша жасау амалы. Халықтың ақшасын қалай болса солай шашу бізде күнделікті көрініске айналған. Мысалы, Щучинск қаласындағы шаңғы трамплинінің 2005 жылғы жобасы бойынша оның құны 2,3 миллиард теңге болған. Ал 2016 жылы жобалық-сметалық құжаттамасын нақтылау нәтижесінде жоба құны 38,5 миллиард теңгеге дейін артып шыға келді. Одан кейін тағы да 3,4 миллиард теңге бөлінді. «Бұл жоба неге сонша қымбаттай береді, ақша қайда кетіп жатыр?» – осы тектес сұрақты «Ақ жол» партиясы депутаттары көтерген болатын. Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметінше, дәл осы спорт түрімен Қазақстанда тек қана 900 адам айналысады екен. Бұл санатқа халықаралық жарыстарға қатысып жүрген кәсіби спортшылар ғана емес, ізбасар жасөспірімдер де кіреді. Олардың шеберлігін шыңдауға қазір Алматыдағы шаңғы трамплині жеткілікті қызмет етеді. Сонда осынша қымбат базаны қосымша салудың каншалықты қажеті бар? Әлемдік тәжірибеге жүгінсек, осы спорт

Зейнолла АБАЖАН

# «АК ЖОЛ» ТРЕБУЕТ РАССЛЕДОВАТЬ ОЧЕРЕДНУЮ АФЕРУ С ДЕНЬГАМИ ЕНПФ!

Депутаты «Ак жола» требуют расследовать очередную аферу с деньгами ЕНПФ – соответствующее обращение направлено первому заместителю Премьер-министра – министру финансов Алихану Смаилову. Речь идет о сохранности и прозрачности использования пенсионных накоплений граждан – после создания ЕНПФ выяснилось, что некоторые заёмщики частных пенсионных фондов, израсходовав накопления будущих пенсионеров, не собираются их возвращать.

Так, по информации ЕНПФ ([https://www.enpf.kz/ru/.about/press-center/media-about-fund/?ELEMENT\\_ID=2856](https://www.enpf.kz/ru/.about/press-center/media-about-fund/?ELEMENT_ID=2856)), в августе 2017 года руководство фонда обратилось с заявлением в правоохранительные органы, требуя привлечь к уголовной ответственности должностных лиц АО «Имсталькон» в связи с многолетней просрочкой по возврату около 4 миллиардов тенге. Дело находится в Департаменте экономических расследований Министерства финансов РК.

«Прошло 2 года, но до сих пор неизвестно, что произошло с на-

родными миллиардами, кто несёт ответственность за их ненадлежащее использование и каковы перспективы их возвращения.

Повторимся, речь идет о деньгах пенсионного фонда, взносы в который носят обязательный характер, а потому государство не только несёт за них ответственность, но и обязано предоставлять вкладчикам полную и достоверную информацию о состоянии фонда», – говорится в письме.

Как отмечают «акжоловцы», в деле АО «Имсталькон» есть еще один странный момент. Как следует из публикаций в СМИ,

из трех основных акционеров компании подозреваемыми по этому громкому делу признаны только двое – председатель совета директоров Серик ЕСМУКАНОВ и гендиректор Владимир КАННАХИН, а третий акционер Михаил РЕЗУНОВ продолжает руководить строительной фирмой и, получается, не имеет к исчезновению денег никакого отношения. При этом третьей подозреваемой признана Ирина КОВЧЕГОВА, работавшая заместителем начальника планово-экономического отдела, без права подписи и не являющаяся материально-ответственным лицом. В связи с этим возникают определенные вопросы об объективности проводимого следствия.

Более того, публикации журналистов (газета «Время») о махинациях АО «Имсталькон» со средствами ЕНПФ, были оспорены в гражданских судах, где был сделан вывод, что никакого уголовного дела в отношении должностных лиц компании в природе не существует!

Получается странная ситуация: ЕНПФ обращается в правоохранительные органы, требуя защитить права вкладчиков, расследование два года «буксует», а журналистов, обративших внимание на проблему, через суд пытаются заставить замолчать.

Но поставленные вопросы требуют ясных ответов. С чем свя-



зана задержка расследования дела об исчезновении 4 миллиардов денег населения: с нерасторопностью сотрудников Департамента экономических расследований, либо какими-то субъективными факторами? Или следствие затянулось в ожидании очередной амнистии, чтобы избавить лиц, причастных к пропаже средств ЕНПФ, от реальных сроков? К сожалению, в обществе уже высказываются и такие предположения.

В этой связи, фракция просит Минфин предоставить информацию о ходе данного расследования: кому предъявлены обвинения, если до сих пор не предъявлены, то почему; есть ли перспективы возврата в ЕНПФ 4 миллиардов тенге, которые задержал АО «Имсталькон».

Напомним, что именно по инициативе «Ак жола» в 2017 году была вскрыта афера по приобретению на средства ЕНПФ (250 миллионов долларов США) ценных бумаг обанкротившегося банка Азербайджана, после чего в СМИ и социальных сетях началась информационная атака на Перуашева с искажением его предложений по строительству социального жилья.

Депутаты «Ак жола» продолжают работу по противодействию коррупции, протестированию незаконного вывода средств за рубеж и рачительному обращению со средствами, находящимися в управлении госорганов.

Пресс-служба «Ак жола»



## МИЛЛИОННЫЕ ЗАРПЛАТЫ: ДЕПУТАТЫ ТРЕБУЮТ ЛИКВИДИРОВАТЬ СТОЛИЧНЫЕ КОМПАНИИ-ПОСРЕДНИКИ В СФЕРЕ ЖКХ

Депутаты Мажилиса Парламента РК требуют ликвидировать столичные компании-посредники с миллионными зарплатами в сфере ЖКХ. Соответствующим депутатским запросом в адрес министра национальной экономики на пленарном заседании выступила депутат Мажилиса Меруерт Казбекова. Об этом сообщила Kazpravda.kz. Депутат отметила, что запрос озвучен по обращениям потребителей услуг естественных монополий г. Нур-Султан.

Она напомнила, что в январе 2017 года в Послании «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Первый Президент страны Нурсултан Назарбаев поручил снизить долю государства в экономике до 15% в ВВП, а также: «Обеспечить фронтальное сокращение издержек бизнеса. Особенно это касается стоимости услуг в энергетике, транспорте и логистике, а также в ЖКХ».

В мае этого года на заседании Совета иностранных инвесторов Глава государства Касым-Жомарт Токаев поручил Правительству провести ревизию всех разрешенных видов деятельности для госкомпаний и внести предложения по их сокращению.

«Вопиющим примером, подлежащим сокращению, является функционирование ряда госпредприятий в городе Нур-Султан. Так, АО «Астанаэнергосервис», созданное в январе 1999 года и принадлежащее акимату города, занимается, как оно заявляет, управлением энергетических предприятий – АО «Астана-энергия», «Астана-Теплотранзит», «Астана-РЭК», ТОО «Астанинская энергосбытовая компания».



Считаем, что любое подобное «управление» означает дополнительную нагрузку на потребителей, которым приходится содержать уже не только монополистов, но и начальство над ними, которое вообще-то само никаких услуг не оказывает, а его «интересы», безусловно, ложатся в тариф», – констатировала депутат.

Она также напомнила, что на заседании Совета безопасности 7 ноября прошлого года Елбасы прямо назвал необоснованные тарифы на коммунальные услуги преступлением против населения.

«По данным из интернета, ежемесячная зарплата руководителя посреднической госкомпании составляет 1,5 миллиона тенге, четырех его заво – по 1,3 миллиона тенге, и так далее, не включая премии и бонусы. Фонд зарплаты этой ничего не производящей

конторы составляет 600 миллионов тенге. Добавьте сюда кабинеты, служебные автомобили, мебель, оргтехнику и прочее – речь идет о миллиардах, скрытно собираемых с простых людей. В этой связи у депутатов возникают неудобные вопросы. Какие такие услуги оказывает данный посредник между акиматом и производственными компаниями? И за что получают зарплату чиновники отраслевых служб и управлений акимата?» – задалась вопросами депутат.

Есть у мажилисменов вопросы и по поводу деятельности АО «Астанаэнергосервис».

«Опять-таки по данным из открытых источников, в структуре того же АО «Астанаэнергосервис» действует еще одно предприятие, чья деятельность вызывает много вопросов. Это ТОО «Астанинская энергосбытовая компания», занимающееся электро-

снабжением города. Сегодня снабжение электричеством в городе Нур-Султан уже осуществляют семь частных предприятий. В чем необходимость создания государством компании на рынке электроснабжения, если это явно развитый конкурентный рынок? Почему ни антимонопольный орган, ни столичный акимат не обращают внимание, что деятельность этой организации прямо противоречит постановлению Правительства от 28 декабря 2015 года № 1095, исключающего создание коммунальных предприятий в сфере электроснабжения?» – спросила депутат.

По ее словам, деятельность государственной организации, имеющей административные ресурсы, несет признаки недобросовестной конкуренции. Так, в 2012 году у данного ТОО было 155 абонентов, а в 2016 году – уже 4 617, т.е. рост в 30 раз за 4 года.

«Это явное свидетельство произошедшего передела рынка от частных компаний к государственной, что неизбежно ведет к монополизации услуг и росту тарифов для потребителей, включая как население, так и частный бизнес», – считает депутат.

В связи с этим, она требует проверить перечисленные факты, а также рассмотреть вопрос о ликвидации названных госкомпаний, как посреднических, так и незаконно вторгающихся на конкурентный рынок. Кроме того, депутаты считают необходимым провести анализ аналогичной ситуации во всех городах страны, и в случае выявления таких фактов – ликвидировать подобные структуры, восстановить добросовестную конкуренцию и прозрачное тарифообразование на рынке коммунальных услуг.

Лаура ТУСУПБЕКОВА



# ИСЛАМ ӘБІШЕВ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ АДАЛ АТҚАРҒАНЫНА СЕНЕМІЗ

Әр заманның өзінің сол замандағы адам үшін, тұлға үшін өз зардабы, өз жақсылығы болған. Біреулер асыра мақталса, біреулер асыра датталған. Біздің бұл мақаланы жазу себебіміз де мемлекет қайраткері, Қазақстанымыздың өсіп өркендеуіне бір кісідей үлес қосқан, Елбасымыздың сенімді көмекшілерінің бірі болған, «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендері мен бірнеше мемлекеттік медальдардың иегері Ислам Әлмаханұлы Әбішевтің басына қиын жағдай түскенін естіп, бір топ ақсуаттықтар өз пікірімізді білідіруді жөн санаған едік. Ислам Әлмаханұлымен Шығыс өңіріне қызмет бабымен 2009 жылы Өскемен қаласына әкім болып келген кезден бастап таныс болдық. Үш жыл әкім болған Ислам мырза талай шаруаның басын қайырып, көптеген ауқымды істер атқарғанын қалалықтар жақсы біледі. Бұдан біздің білетініміз Ислам Әбішев Астана қаласына қызмет бабымен ауысқан кезде, өскемендіктердің ол кісімен қимай қоштасқандары есімізде қалыпты.

## АЗАМАТТЫҒЫ БӨЛЕК АЗАМАТ

Су ресурстары комитетінің төрағасы болған Ислам Әбішев жайында өз пікірімді айтқым келеді. Ислам Әлмаханұлының аталған қызметке келгенге дейінгі ел игілігіне жасаған еңбегі халықтың көз алдында емес пе еді. Институт бітіріп, ат жалын тартып мінгеннен бүгінгі Пайғамбар жасына жеткенше Отаны мен халқына қызмет еткен, іскер де дарынды басшы, бүгінгінің тілімен білгір топ-менеджер аяқ астынан қалайша қылмысты бола қалды?!

Кімнің алдын кесіп өтті?! Оның еңбегін кезінде Елбасының өзі бағалап, марапаттап, бірнеше рет жеке қабылдаған да болатын. Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданын көгертіп, одан өсіп, облыс әкімінің бірінші орынбасары болды. Оңтүстіктің жаратылысы мен талабы бөлек халқының тілін тапты. Одан Шығыс Қазақстан облысындағы Өскемен қаласының әкімдігі сеніп тапсырылды. Ол жерді де гүлдендіріп, республикалық деңгейдегі қызметке шақырылғанда қала халқы қимай қоштасқаны есімізде.

Исекеңнің өнер адамдарына жасаған қамқорлығы қандай еді! Өнер адамын қолдау – еліміздің өнері мен әдебиетінің өсуіне, әлемге танылуына қосқан үлес емес пе еді. Ислам Әлмаханұлының қамқорлығы қаламгерлердің шығармалар жазуына түрткі болып жататын. Сол жазғандары бүгінгі Тәуелсіз Отанымыздың тарихы емес пе? Сол қамқорлығын қалайша жер етеміз, неге жақсыны тез ұмытамыз?

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Дүкенбай Досжанды Исекең тірі кезінде танымаған соң, араласа қойған жоқ. Бірақ, сол қазақтың тірі сөзінен тарих жасаған классик жазушы қайтыс болғаннан кейін, кіші отаны – Қызылордада ас бергізіп, еске алу кешін ұйымдастырды. Оның отбасын ешкім керек етпегенде қаламгер бауырларының басын қосып, халқының алдында естелік айттырған болатын. Сол жалғыз еске алу кешін өткізуге маған көмектесті.

Адамдар тірі жүргенде, астында аты, қолында билігі бар кезде дос көп болады екен. Өмірден өткенде тіршіліктегі пендешілігін қазбалап, отбасының бетіне салық етеді екен. Өмірден өткен адамды азаматтықпен, танымаса да еске алған осы – Ислам Әлмаханұлын көрдім.

Сондықтан, қай кезде де, қандай жағдайда да мен және Дүкенбай Досжанның балалары Ислам Әбішевті қолдайтынымызды ел алдында білдіремін.

Құрметпен, жазушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері – Сәуле ДОСЖАН.



Ал біздің айтпағымыз, өз басымыздан өткен оқиғаға байланысты. Табиғат шіркіннің дүлей күшіне кім қарсы тұра алған? 2010 жылы көктемде алапат су тасқынының зардабынан Тарбағатай ауданының Көкжыра және Жәнтікей ауылдары су тасқынының астында қалды. Қариялардың айтуына қарағанда мұндай су тасқыны соңғы 100 жылда бұл аймақта болып көрмеппі. Қас-қағым сәтте ғұмыр бойы тірнектеп жинаған малынан, дүние-мүлкінен айырылып, үрей бұған мыңдаған адамның басына «Енді не боламыз?» деген үмітінен гөрі күдігі басым шақ туған еді. Еліміздің, Елбасымыздың қамқорлығы арқасында біз сол қиындықты жеңдік. Елбасымыздың тапсырмасымен премьер-министрдің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев бастаған бірқатар министрлер мен ведомства басшылары келіп, барлық жағдайды өз көздерімен көріп, шұғыл шешімдер қабылданды. Облыс көлемінде төтенше жағдайлар жөнінде арнайы штаб құрылды. Оны басқаруды мұндай шаруаның қыр-сырын жақсы білетін, тәжірибесі мол, іскер басшы Өскемен қаласының әкімі Ислам Әбішев мырзаға жүктеген еді. Оның себебі, осыдан бірнеше жыл бұрын Оңтүстік Қазақстанда болған су тасқынының зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарда іскерлігімен, үлкен ұйымдастыру қабілетімен көзге түскен Әбішев мырзаның бұл жұмысты толықтай басқара алатынына сенімді болғандығын біз кейіннен түсіндік. Сол кездегі жанкешті әкім Бердібек Машбекұлы Сапарбаев Тарбағатайдағы жағдайдың қиын екенін біліп, Ислам Әлмаханұлын аудан орталығы Ақсуатта қалдырып, алғашқы шаруаларды ұйымдастыруды міндеттеді.

Шындығында да бұл мәселедегі тәжірибесін Әбішев мырза бірден шебер пайдалана білді. Соның бірі – халықты шашыратпай топтап ұстау, әрбір он үйге бір он басы, жүз үйге жүз басын сайлап, оны халықтың өзімен келісіп, хаттамамен бекітіп, барлық мәселелерді солар арқылы шешуді міндеттеді. Мұның ең үлкен мәнісі мен маңызы қатал тәртіпке бағыну болды. Үрейленген адамдар арасында ешкімге бағынғысы келмей, ештеңеге сенбей, билікке бағынбай, оны табалайтындар, теріс түсінік жүргізіп, бас-басына би болғысы келетіндерге тосқауыл қою үшін керек болды. Міне, осындай психологияға толай-

ым, тұтас тосқауыл қою Әбішев мырзаның тәжірибесімен ғана іске асты. Сол кездегі халықтың басындағы ауыр жағдай біздің әлі көз алдымызда, «Қызылағаш» қырғынынан кейін, шүкіршілік еткен жағдайымыз – үлкен ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде тек адам шығыны болған жоқ. Ең басты жеңісіміз осы болды. Адамдарды құтқаруға ұшақ та, ауыр машиналар да, құтқарушылар да республиканың төрт бірдей облысынан тез арада көмекке келді. Міне, бұл мемлекетіміздің адам факторына деген ерекше қамқорлығы, күштілігі деп түсіндік. Ал оны шебер басқара білу, үйлестіре білу әрине, басшыларға байланысты екені айтпаса да түсінікті. Ауданда темірдей тәртіп орнатылды. Ауа жайылушылық, ұрлық-қарлық сап тыйылды. Әрбір тұрғыннан жауапкершілік талап етілді. Көмекке келген азық-түлік, материалдар, жем-шөп, көмір, ақшалай, заттай көмектер ашық түрде жүзеге асып отырды. Әрбір тұрғынның үй-жайларын анықтауда да комиссия титтей де кемшілікке көзбояушылыққа жол берген жоқ. Жол берген адам қатал жазаланатыны ескертілді. Осы жұмыстардың барлығы он басы мен жүз басылар арқылы жүзеге асып отырды. Ислам Әлмаханұлының осы тәжірибесі бүкіл аудан, ауыл әкімдеріне үлкен көмек болғанын және керемет нәтижеге қол жеткізгенімізді бүкіл облыс мойындады.

Сөздің шындығы, осындай облыста ғана емес, республикаға танымал тұлғаның басымызға түскен қиын-қыстау кезде біздің аймаққа көмекке келуі, алапат апатты жеңуге және нәтижесінде тамаша заман талабына сай екі ауылдың салынуына үлкен үлес қосқанын біз ешуақытта ұмытпақ емеспіз. Ислам Әбішевке айтар алғысымыз шексіз. Біз Әбішев мырзаның қай жұмыста болсын адал, барлық күш-жігерімен, білімі мен қажыр-қайратын жұмсайтын адам екенінен үнемі хабардар болып отырамыз. Алайда, осы бір келеңсіз жағдайды естігенде сенер-сенбесімізді де білмедік. Себебі, біз ол кісіні мұндай әрекетке барады деп ойламаймыз. Зейнеткерлікке шығуына да аз ғана уақыт қалғанда басына осындай зұлматтың түсуі бізге қатты батады. Мүмкін, жала болар деген күдігіміз де бар екенін жасыра алмаймыз. Сол себепті, құзырлы орындардың осындай ердің еліне сіңірген ерен еңбегін еш кетірмей, дұрыс шешім шығарар деген үміттеміз және сұраймыз!

Бұл хатты жазушылар:  
**С. Садықов**, Көкжыра ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы, зейнеткер, еңбек ардагері, Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы. **С. Ысқақов**, зейнеткер, еңбек ардагері, Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы, ақсақалдар алқасының мүшесі, Көкжыра ауылы.  
